

Қоғамдық жұмыстардың түрлерін және қоғамдық жұмыстар орындалуға тиіс ұйымдардың тізбесін айқындау туралы

Қарағанды облысы Шахтинск қаласының әкімдігінің 2025 жылғы 25 шілдедегі № 35/04 қаулысы

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы қаулы 01.09.2025 бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес, Шахтинск қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес қоғамдық жұмыстардың түрлері және қоғамдық жұмыстар орындалуға тиіс ұйымдардың тізбесі айқындалсын.

2. Шахтинск қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 13 қаңтардағы № 2/5 "Орындарды белгілеу туралы" қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Шахтинск қаласы әкімінің орынбасары С. Б. Жаппаровқа жүктелсін.

4. Осы қаулы 2025 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Шахтинск қаласының әкімі

М. Кыдырганбеков

Шахтинск қаласы әкімдігінің 2025

жылғы 25

шілдедегі

№ 35/04

қаулысына қосымша

Қоғамдық жұмыстардың түрлері және қоғамдық жұмыстар орындалуға тиіс ұйымдардың тізбесі

№	Қоғамдық жұмыстардың түрлері	ұйымдардың тізімі
1	аумақты абаттандыру; аумақты жинау және тазалау; белгілі бір біліктілікті талап етпейтін басқа да қоғамдық пайдалы жұмыстар	"Долинка кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі
2	аумақты абаттандыру; аумақты жинау және тазалау; белгілі бір біліктілікті талап етпейтін басқа да қоғамдық пайдалы жұмыстар	"Новодолинский кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі
	аумақты абаттандыру;	

3	аумақты жинау және тазалау; белгілі бір біліктілікті талап етпейтін басқа да қоғамдық пайдалы жұмыстар	"Шахан кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі
4	аумақты абаттандыру; аумақты жинау және тазалау; белгілі бір біліктілікті талап етпейтін басқа да қоғамдық пайдалы жұмыстар	"Барс" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны